

Қарағанды металлургия комбинатында кокс-химия өндірісін жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 26 қазан N 491-ө

Қарағанды металлургия комбинатында кокс-химия өндірісін жетілдіру, Қазақстан өнеркәсібін өнімнің тапшы түрлерімен қамтамасыз ету, республиканың экспорттық әлеуетін арттыру, Қарағанды металлургия комбинатында кокс газын тазалау цехын салу жобасының шеңберінде ТОКМС-426 контрактісі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігіне алынған Жапонияның Эксимбанкі кредитінің есебінен, Қазақстан Республикасы үшін төтенше маңызы бар екенін ескере отырып, жүзеге асырылатын Теміртау қаласының аймағындағы экологиялық проблемаларды ұтымды шешу, инвестициялық ынтымақтастықты нығайту мен дамыту мақсатында:

1. Қарағанды металлургия комбинатында кокс газын тазалау цехын (бір желіні) салу жобасы жөніндегі ТОКМС-426 контрактісін Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігіне мемлекеттің қатысуымен жүзеге асыруды аяқтасын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне оған тиісті сертификат бере отырып жобаны жүзеге асыруды аяқтауға уәкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі осы жобаға қызмет көрсету жөніндегі агенттік функциясын орындаушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органы болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қарағанды металлургия комбинатында кокс газын тазалау цехының бір желісін салу жобасын жүзеге асыру үшін Жапонияның Эксимбанкі мен Фуджи банкі берген 10072 миллион жапон иені сомасындағы кредит бойынша Үкімет кепілдігін растасын.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі ТОКМС-426-ның "Иточу Корпорейшн" компаниясымен кокс газын тазарту цехының бір желісі үшін 10072 миллион жапон иені сомасына жабдықтар беруге жасасқан контрактісінің қосымшасына 1996 жылы қол қойсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі ТОКМС-426-ның "Испат-Кармет" акционерлік қоғамымен ТОКМС-426 контрактісіне қосымша бойынша жабдықтар беру негізінде кокс газын тазарту цехының бір желісін салуға жасасқан контрактісінің қосымшасына қол қоюмен бір мезгілде 1996 жылы қол қойсын.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі ТОКМС-426 контрактісінің қосымшасына сәйкес Жапонияның Эксимбанкімен кредиттік келісімге өзгерістерге 1996 жылы қол қойсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне штаттағы 3 (үш) адамға жалақы төлеу үшін

қосымша қор бөлсін.

9. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі аппарат құрылымында контрактіні жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін үш адамнан арнаулы топ құрсын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ